

		кімдер?
4.	Қазақ тілі	<p>Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.</p> <p><i>«Қадірлі қауым! Бауырлар! Біз, тым құрыса, араға апта, ай салмай, қазақ поэзиясының екі бірдей дүлдүл ақынынан айырылып отырмыз. Екеуі де рухы биік ұлтық поэзияның сәтті бір күні тәңірінің қалауымен туа салған тамаша талант еді: бірі жер бетінде жетпіс алты жыл, екіншісі небары елу үш-ақ жыл өмір жасап, бірінің артынан бірі ана дүниеге бет түзеп бақилық боп кетті. Әншейінде көңіл бөле қоймайтын қай-қайдағы ой адам басына осындайда келеді. Бірі аз, бірі көп жасаған осы бір поэзия әлемінің таңдап, талғап жүріп, түптің түбінде зарықтырып барып сәтіне орай бір-ақ рет туатын тамаша перзенті болғасын ба, әйтеуір, ортамызды ойсыратып оралмасқа бет бұрған осы бір күндерді ойлап қарасам, е жасаған, Қуандық пен Жарасқанның адамдық болмысында да, ақындық болмысында да бір ене бауырын тартқылап емген нақ бір егіз қозыдай, бірінен-бірін ажыратып болмастай бауырластырып тұрған көп ұқсастық бар екен зой. Иә, екеуі де қияқтай қара мұртты, иман жүзді аққұба, ашаң еді. Екеуі де иманы бетінде мөлдіреп тұрған нәзік жанды, жібек мінез жайсаң жандар еді; екеуі де тірлікте жан біткенге не зәбір, не қылдай қиянат жасап көрмеген зәрсіз, ызғарсыз, иман мен инабаттан құя салғандай, дүниеге ақын боп келіп, ақыры, міне, ақтық демі біткенше дүниеден өздерінің сол кіршіксіз тап-таза қалпында арамыздан ақын боп өтті... Біз қазір азаматтық арын сақтап, аптақ ақын жанына қылау түспей, арамыздан өзінің періште қалпында дүние ауып бара жатқан ақынмен ақырғы рет қоштасқалы оның табыты алдында бас иіп тұрмыз! Топырағың торқа болсын! Бақұл бол, бауырым!»</i></p> <p style="text-align: right;"><i>Ә.Нұрпейісов «Қош бол, Қуан ақын»</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтін қазіргі шешендіктің қай түріне жатады? Оған анықтама беріңіз. 2. Мәтіннің құрылымдық бөліктерін (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) ажыратыңыз. 3. Мәтіндегі негізгі ойды бір сөйлемге сыйдырып беріңіз.
5.	Тіл мәдениеті	Мұзда жанған алау.

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут